На современном этапе развития системы образования происходит переход от информационно-объяснительного метода обучения к инновационно-действенному принципу. Он связан с применением в учебном процессе новых компьютерных и различных информационных технологий, электронных учебников, видеоматериалов, обеспечивающих свободную поисковую деятельность студента.

Творческий компонент в профессиональной образовательной программе подготовки бакалавра должен быть направлен на формирование более целостного видения будущей профессиональной деятельности, в основе которой творческий подход к решению конкретных ситуаций и проблем.

В процессе обучения творческая составляющая должна возрастать с учетом изменившихся возможностей студентов, активизируя учебную деятельность, как преподавателей, так и студентов, повышая качество образовательного процесса.

Инновационный подход в работе со студентами-филологами заключается в активном развитии их творческой деятельности через использование метода творческих мастерских при изучении элективной дисциплины «Авторская позиция и способы ее выражения в прозе рубежа 19-20 веков». Опыт работы в вузе по подготовке студентов-филологов позволяет обобщить и систематизировать результаты практической деятельности, сделать определенные выводы.

Существует проблема качественного усвоения студентами учебного материала и развития творческих способностей, формирования креативности мышления студентов. Для ее частичного решения нами используется метод творческих мастерских.

2. Материалы и методы

При изучении дисциплин «Детская литература», «Авторская позиция и способы ее выражения в прозе рубежа 19-20 веков» мы используем возможности технологии творческих мастерских. Это мотивировано тем, что данный метод:

- позволяет эффективно организовать групповую и самостоятельную работу;
- способствуют совершенствованию практических умений и навыков;
- позволяет индивидуализировать процесс обучения;
- повышает интерес к предмету;
- активизирует познавательную деятельность;
- развивает творческий потенциал;
- делает занятие нестандартным.

Обучение в мастерских основывается на деятельностном подходе и коллективном способе обучения. Занятия в мастерских строятся с использованием принципов: сотрудничества, сотворчества, совместного поиска, самостоятельности, опережающего поиска, занятости всех студентов. Организация творческих групп осуществляется путем соединения в ее рамках студентов разного уровня подготовки. Это позволяет активизировать деятельность

недостаточно подготовленных студентов, дает возможность раскрыть их творческий потенциал.

Работа в творческой мастерской начинается с формулировки проблемы – темы мастерской, которая связана с изучаемой темой дисциплины и направлена на углубление представлений о конкретном аспекте художественного мира изучаемого автора.

В процессе работы в группе каждый студент самостоятельно выдвигает свою гипотезу, создает свой мини-проект, отталкиваясь от поставленной задачи. Прежде чем огласить перед всеми решение проблемы, его обсуждают в малой группе, т.е. обучение опирается на собственный опыт членов группы и предполагает взаимообучаемость. Применение данной технологии позволяет каждому студенту почувствовать свою интеллектуальную состоятельность, удовлетворяет коммуникативную потребность и развивает как личность, способную думать, мыслить, анализировать.

Задания усложняются постепенно, что дает возможность войти в сложный процесс поиска постепенно, поэтапно. Первые задания настраивают на анализ художественных произведений по конкретным направлениям, они носят поисковый характер, для их выполнения студентам достаточно познакомиться с позициями известных ученых, получить общее представление о произведениях писателя.

Позже начинается аналитическая работа по выбранным самими студентами текстам художественных произведений, она требует творческого подхода, подбора фактов и аргументов для их объяснения. Это уже задания более высокого уровня, требующие первоначальной подготовки, умения работы с текстами художественных произведений.

Работу строим по тематике занятий, таким образом, студентами исследуются отдельные аспекты авторского мировидения: портрет как форма выражения авторского сознания, цетопись и звукопись как способы выражения авторской позиции, авторская ситуативность как знак, звукопись как компонент авторской позиции. Из отдельных наблюдений постепенно выстраивается цельная картина.

На последних занятиях по отдельным темам готовятся групповые защиты разработанных проектов. Последние задания носят комплексный характер, для их решения студенту недостаточно знать теорию вопроса, необходимо умение применять теоретические знания на практике.

Завершающий этап изучения проблемы требует уже не только теоретических знаний, но и творческого подхода. Перед студентами ставится задача представить прозу того или иного автора в образах на картине, в эссе, презентации, видеоматериале. Свое видение специфики прозы студенты представляют в разных вариантах. С этой целью группами анализируется 10-15 произведений авторов. Специфика прозы постигается постепенно через анализ: образов, звуков, цветовых символов и т.п. И в соответствии с изученными составляющими художественного мира писателя готовятся таблицы, схемы.

Исследователь Джуринский обращает внимание на некоторые позиции организации творческих мастерских:

«1. Личность с новым менталитетом. Это личность «самостоятельная, социально ответственная и конструктивно вооружённая», способная оказывать позитивное воздействие на свою жизнь и окружающий мир.

2. Все способны. Каждый ребенок обладает способностями практически ко всем видам человеческой деятельности: к овладению естественным и гуманитарным знанием, изобразительным искусством, музыкой. Дело только в том, какие методы будут применяться в процессе его образования.

3. Интенсивные методы обучения и развития личности.

Он обращает внимание на:

а) отношение учителя к ученику, как к равному себе;

б) не простое сообщение знаний как неоспоримых истин, а самостоятельное «строительство» знания учащимися, критически относящегося к информации, и самостоятельного решения творческих задач;

в) плюрализм мнений, подходов, уважительное отношение к мнению, варианту другого.

4. Новый тип педагога. Это не авторитарный учитель, а тот, кто не подавляет природу ребенка» [Джуринский, 2,137].

Очевидно, что развитие творческого потенциала студента возможно только в свободном варианте взаимодействия преподавателя и студента, без существования жесткой и традиционной структуры занятия. Наиболее подходящей, отвечающей поставленным задачам, является модель взаимодействия преподавателя и студента: студент – творчески действующее лицо, преподаватель-консультант, помощник, это дает больше свободы для творческого проявления.

Соблюдение последовательности и систематичности в работе - также необходимые и обязательные условия работы по технологии творческих мастерских.

Алгоритм мастерской в общем виде обычно представляют следующим образом:

1 этап – этап индукции. На этом этапе изучаемый материал осмысливается студентами на основе имеющегося опыта. Задания формулируется с некоторой степенью неопределенности. На этом этапе преподавателю важно стимулировать мыслительный процесс студентов. Именно в этом заключается назначение этого этапа деятельности.

2 этап обычно этап деконструкции /реконструкции. На этом этапе предоставляемый преподавателем материал должен, с одной стороны, заронить сомнение в правильности некоторых выводов. С другой стороны, на этом этапе у студентов должны появиться новые представления об изучаемом вопросе. Это этап углубления знаний.

3 этап обычно называют периодом социализации. На этом этапе студенты представляют результат (промежуточный или окончательный) исследования. Социализация дает возможность не только продемонстрировать результат, но и произвести его оценку, сравнить собственные выводы с наблюдениями других студентов. Результат может быть представлен как устно, так и письменно, как в форме доклада, аналитической справки, так и в традиционной форме. На этом этапе происходит представление каждой группой предварительных результатов исследовательской деятельности. В дальнейшей работе они могут корректироваться. Последние 2 этапа могут повторяться до тех пор, пока проблема не будет решена полностью. Это позволяет плодотворно строить процесс в аудитории разной степени готовности.

«Мастерские – это совершенно другая форма организации учебной деятельности учащихся, чем урок. В творческих мастерских ученик не получает готовых знаний, он их добывает, строит сам» [Окунев, 3,1].

Работа по методу творческих мастерских предполагает конкретный результат в виде художественного творения. В процессе преподавания детской литературы таким результатом стал учебный видеофильм, созданный в ходе проведения практических занятий и СРСП.

На первом этапе творческие группы создавали варианты сценария, по хронологическому принципу. Он состоял из нескольких разделов: устное народное творчество для детей, детская литература 18 века, развитие детской литературы первой половины 19 века, 2 половины 19 века, история детской литературы конца 19 - начала XX века, детская литература 20 века.

Общая концепция видеофильма была уточнена и окончательно сформулирована: полный обзор истории зарождения и развития детской литературы от древнего этапа до современного состояния, каждый раздел должен включать наиболее точный материал по теории, давать полный перечень произведений, содержать вопросы для итогового контроля.

Отдельной частью по предложению студентов стал раздел о развитии зарубежной детской литературы, социологический опрос студентов. В ходе обсуждения каждая группа представляла свое видение содержания видеофильма.

На втором этапе работы шла подготовка видео, запись аудиоматериалов к отдельным разделам, их компоновка, корректировка содержания.

Представленные литературные материалы корректировались внутри группы и выносились на общее обсуждение. Сложности в работе были связаны со съемками отдельных материалов и их общей компоновкой, но чем активнее включались в работу студенты, тем более творческим и неожиданным был итог.

В результате самостоятельной работы студентов было разработано внешнее оформление, титры фильма, приложения к теоретическим материалам.

Творчество отдельных групп на завершающем этапе работы было продолжено инициативной группой, состоящей из наиболее активных участников.

Важной составляющей работы мастерской является рефлексия. «Рефлексия – это осознание учеником себя в собственной деятельности, это анализ учеником осуществлённой им деятельности, это обобщение чувств, возникших в мастерской, это отражение достижений собственной мысли, собственного мироощущения» [4,2]. Нами было проведено итоговое занятие с просмотром материалов видеофильма и анализом собственных ощущений.

3. Результаты и обсуждение

Работа по методу творческих мастерских позволяет включить студентов в активный поиск решений, развивает самостоятельность, снимает ограничения, связанные с некоторыми пробелами в знаниях, позволяет сформировать умение работать в коллективе. Результат проявляется не сразу и часто удивляет самих студентов, ощутивших интерес к творческому процессу.

Важно, что каждый студент имеет право высказать свою точку зрения, а работа в разноуровневых группах позволяет создать благоприятные условия для развития творческого мышления каждого студента.

4. Выводы

Формирование творческих компетенций в процессе преподавания гуманитарных наук в вузе процесс длительный и сложный. Его организация требует соблюдения принципов:

1. Системности.
2. Последовательности.
3. Научности.
4. Открытости.

Организация этого процесса требует творческой подготовки самого педагога, умеющего заинтересовать студентов, разработать систему творческих заданий с учетом индивидуальных особенностей студентов. Важный аспект в работе – система контроля и активизации деятельности. Результаты контроля позволят преподавателю корректировать учебный процесс с учетом возникающих особенностей.

При организации работы с использованием данного метода студент не ограничен жесткими рамками, имеет возможность проявить себя, не боится совершить ошибку. Именно это способствует его личностному росту и формированию элементов творчества.

Список литературы

- Данюшенков В.С. Практические работы учащихся с позиции педтехнологии // Педагогика. – 1993. – №3. – С. 29-33
- Джуринский А.Н. Новые технологии в системе образования Франции // Советская педагогика. – 1991. – №4. – С.132-136.
- Окунев А. А. Урок? Мастерская? Или...– СПб.: филиал изд-ва «Просвещение», 2001.
- Педагогические мастерские: интеграция отечественного и зарубежного опыта / Сост. И.А.Му-хина. – СПб., 1995.

УДК:82-9

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Сейсембай Т.Т.

*Аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай, Қазақстан*

Сейсембай Г.А.

*Аға оқытушы, ҚМПИ,
Қостанай, Қазақстан*

Аннотация

Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ проза жанрының шағын түрі әңгіменің даму сипаты, тақырыптық-идеялық бағыты мен түрлік ізденіс мәселесі сөз болады. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі қазақ әңгімелерінің тақырыптық, стильдік, көркемдік әдіс тұрғысынан жаңаруы мен авторлық шешім, адам тағдырының бейнелену жаңашылдығы М.Мағауин шығармашылығы негізінде талданады.

Әңгіме жанрындағы жаңашылдық, түр, көркемдік әдіс-тәсілдерді жетілдіре тұсудегі шығармашылық ізденістер, шығармалардағы ұлттық сипат туралы сөз болады.

Аннотация

В данной статье излагается о новых художественных методах в жанре рассказов, о национальных описаниях в произведениях и тематическом направлении жанра рассказов в период независимости. Авторское решение, новизна описания человеческой судьбы рассматривается на основе произведений М.Магауина. Так же раскрывается идея художественного, тематического и, стилистического развития и обновления казахских рассказов.

Abstract

The article considers the development and the idea-themed direction of stories genre since independence. Thematic, stylistic, artistic development and renovation of the Kazakh stories, author's decision, novelty of description of human destiny was considered on the basis of works of M. Magauina. The article describes a new artistic methods, types in the genre of short stories, descriptions of national descriptions in works.

Түйінді сөздер: *тәуелсіздік кезеңі, әңгіме жанры, тақырып, көркем тартыс, характер.*

Ключевые слова: *период независимости, жанр рассказов, тема, художественный конфликт, характер.*

Keywords: *independence period, stories genre, theme, artistic conflict, character.*

1. Кіріспе.

Жалпы қазақ әдебиеті дамуының қай кезеңін алсақ та, әңгіме проза саласындағы өзіндік ерекшеліктері бар жанр ретінде танылып келеді. Белгілі бір оқиғаға негізделген хикаят неғасырға пара-пар роман жазудан гөрі шағын сюжетті әңгіме жазу күрделі, әрі жауапты болып саналады. Себебі, әңгіме жанрында қалам тартқан жазушылар қысқа әңгіме арқылы үлкен қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді көтере білді.

Әңгіме жанры, әсіресе, тәуелсіздік жылдары ерекше қарқынды жаңа бір сарында дамыды. Тәуелсіздік ұлттық жаңғыруларға кеңінен жол ашты. Қазақстан тәуелсіздік алғалы көп уақыт өте қойған жоқ. Осынау айналдырған санаулы жылдардың ішінде елімізде айтарлықтай өзгерістер мен жаңарулардың болғаны айдай ақиқат. Заң да, заман да, қоғам да

өзгерді. Жаңа заманға сай жаңа адамдардың типі пайда болды. Нарықтық қатынастарға көшу барысында түрлі қиыншылықтарды басымыздан кешірдік. Осындай түбірлі өзгерістер көптеген қазақ қаламгерлерінің қиялына қанат бітіріп, шабытына шабыт қосты. Оны осы кезеңде жарық көрген қазақ әңгімелерінен анық аңғаруға болады. Әсіресе, жазушылар Думан Рамазан, Асқар Алтай, Нұрғали Ораз, Қуандық Түменбай, Талаптан Ахметжан, Қуаныш Жиенбай т.б. тудырған әңгімелер әңгіме жанрының ерекше бір көркемдік әлемін аша білді. Осы ғылыми жұмыстың жазылуына арқау болған қаламгерлер Мұхтар Мағауин, Шерхан Мұртаза, Қабдеш Жұмаділов, Бексұлтан Нұржекеев те осынау шағын жанрдың көсегесін көгертуге әжептәуір үлес қосты.

Тәуелсіздік жылдары қазақ жазушылары әңгіме жанрында қалыптасқан дәстүрді жалғастыра отырып, мазмұндық, түрлік ізденістерге барды. Соңғы жиырма жыл ішінде жазылған прозалық туындылардың ішінде әңгіме жанрының көркемдік үлгі-өнегелері өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ауқымындағы шеберлік нақыштарымен ғана шектелмей, әлем әдебиетіндегі жүркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады. Тәуелсіздік қаламгерлерге тақырып еркіндігін сыйлады. Кезінде қалам қозғауға тыйым салынған тақырыптар болған жоқ деп айта алмаймыз. Енді сол тақырыптардың жазылу барысына жеке дара тоқталып өткенді жөн көрдік.

2.Талқылау.

Әңгіме жанрында қалам сілтеген қаламгерлер тоқырау кезеңіндегі ұлт тағдыры, елдегі саяси-әлеуметтік қайшылықтар, өтпелі кезеңдегі адам болмысы, оның ішкі жан-дүниесінің айналасындағы ортамен қабыспауы, рухани жадаулық сияқты мәселелерді, сондай-ақ бүгінгі демократиялық қоғамдағы адам мен адам, адам мен қоғам, адам мен табиғат арасындағы байланыстар мен қайшылықтарды күн тәртібіне қоя білді.

Жалпы проза саласы, соның ішінде әңгіме жанры тақырыптық -идеялық жағынан тереңдеп, әдебиетте жаңаша көркемдік ізденістер байқалды. Себебі, адам мен адам, қоғам, табиғат арасындағы, сонымен қатар, ой мен сезім, ар мен ұят, арман мен мақсат, іс -әрекет пен көзқарас сияқты ұғымдардың ара-жігін ашу, әрқайсысына өз көзқарасын білдіру қаламгерлерден жаңа ізденістерді тауып, көркемдік әдіс -тәсілдердің жаңа бір сарындарын табуға ынталандырды, осыны талап етті. Сондықтан да, тәуелсіздік жылдары кезеңінде дүниеге келген қазақ әңгімелері жаңа ізденістің жемісі болды.

Ғалым-сыншы Р. Нұрғали: «Әдебиет – үлкен құбылыс, жанды дүние, күрделі процесс. Бір әдебиет – дария, бір әдебиет – бұлақ, бәрі де ағады, өседі, өрбиді. Халық бар жерде әдебиет бар» – деген екен.

Ең алдымен, саяси тұрғыда аумалы-төкпелі кезеңде өмір сүріп, еліміздің егеменді ел болуы үшін жасалған күресте бар өмірлерін сарп еткен қазақ әдебиетіндегі «Бес арыстар» және сол кезеңде өмір сүрген барлық қаламгерлер тағдыры тарихтан да, әдебиеттен де белгілі. «Алашордашылар» деген желеумен жазықсыздан жазықсыз тағдыр тауқыметіне тап болған оқыған қазақ азаматтарының тағдыры, шын мәнінде, қайғымен аяқталып отырғаны тарихи шындық. Тәуелсіздік жылдарындағы әңгіме жанрында жазылған шығармалардың ішінен осы көріністі дәлелдейтін туындылар жарық көрді және олар тарихи тұрғыда шынайы суреттелді. Тар заманда өмір сүріп, замана қайшылықтарын мойнымен көтере білген, мойымаған аға, апаларымыз келер ұрпаққа ел үшін, жер үшін бейбіт күнде күресудің сара жолын қалыптастырып кетті. Олар сол кездегі саясаттың құрбанына айналмай, еліміздің елдігін, тілімізді, дінімізді сақтап қалу үшін өмір айнасына айнала алды. Сол кезеңдегі әріптес қаламгерлері басын ашып айта алмай, жаза алмай кеткен осы бір тақырыпты тәуелсіздік жылдарына тән жазушылар шарықтау шегіне жетпесе де, дамыта білді. Осы тақырыптағы әңгімелердің бірі – Мұхтар Мағауиннің «Салах-ад-Дин» әңгімесі.

Бұл кезең бойынша атап өтетін тақырыптардың бірі – желтоқсан көтерілісіне байланысты тақырып. Дүниені дүр сілкіндірген, қазақ рухының құрсаулы империяға қарсы азаттық аңсарын көрсеткен Желтоқсан көтерілісін көркем бейнелейтін туындылар арқылы қа-

ламгерлер заманөзгерісінің адамға әсерін аша білді. Тәуелсіздікке бастау болған осы бір оқиға қазақ жұртшылығының абыройын асқақтатып, намыстарына жігер бергені анық. Бұл тақырыпқа қалам тартқан жазушылардың туындылары оқырман назарынан тыс қалған жоқ. Қайсар қазақ жастарының жасаған әрекеттері келер ұрпаққа үлгі-өнеге, әлі талай ұрпақ өз қаламының шыңдалуына негіз етіп алары айдай анық.

Осы кезеңнің жемісі болып саналатын тақырыптардың бірі – діни тақырыптарға жазылған туындылар. Кеңес үкіметі тұсында бұл тақырыпқа қалам тартпақ түгілі, тұрмыс-тіршілігімізде еркін қолдануға да болмайтын еді. Ал, қазір, Аллаға шүкір, мешітіміз көбейіп, ата дәстүрлерімізбен қайта қауышудамыз. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін әңгімелер де тәуелсіздік жылдарындағы шығармалар тақырыбын түрлендіруде өзіндік үлес қосты. Адам, оның бойына тән адамгершілік қасиеттерді сомдау, оның кейіпкер характерін ашудағы идеялық құндылықтарын баса жазу ерекше дамыды. Бұл да – тәуелсіздік жемісі. Алашұранды әдебиет тұсында басын ашып анық талдап жазуға мүмкіндік болмаған мәселелер тәуелсіздігіміздің арқасында қанатын кеңге жайғаны анық. «Дәстүрлі ұлттық таным тәуелсіздік тұсындағы әңгімелерде, сонымен қатар, батыс әдебиетінде қалыптасқан әр түрлі ағымдармен жалғасты. Сондықтан да қазақ әңгімелерінде модернистік, постмодернистік ағымдар пайда болды» (Зайкенова З. Зарлы шындық жаршысы// «Жұлдыз» журналы. 1987 ж, №11, 15 б.).

Осы кезең жаңалықтарының бірі ретінде жазушыларымыздың адам мен табиғат арақатынасын бейнелеуге арналған туындыларын талдау болып табылады. Мысалы қазақ прозасында қасқыр тотемінің бейнесі М. Әуезовтен бастап әртүрлі тарапта, әрқилы таным тұрғысынан зерттеліп келгені белгілі. Ғүнгі жаңарған, кемелденген қазақ прозасында да қаламгерлер бұл образға қайта оралып, бір-біріне ұқсамайтын өзгеше өрнек сала білді.

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі басым үрдістердің бірі ретінде адамның ішкі қасиеттерін жандандыру, жеке образдарға дейін әсірелеу арқылы көркем шарттылық іздерін айқындау да маңызды мәселе болып саналады.

Тәуелсіздік жылдары шығарма табиғатындағы көркем антропология мен фантастикалық антропологияның іздері қалыптасып, түрленді. Осы кезеңдегі әңгімелер негізінде жаңа көркемдік айшықтар мен өрнектердің мәні зерделенді. Мысалы, әңгіме жанрындағы виртуальдық, мистикалық сарын дамыды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әңгімелерінде жалғыздық, айқай, сарыны әлеуметтік-психологиялық тұрғыда шебер суреттелді.

Сонымен қатар, көркем прозаның жаңаша поэтикалық бітімін танытатын аллегориялық, символдық, гротескілік тәсілдер басымдылық танытты.

Тәуелсіздік тұсындағы прозалық туындыларда көркемдік тәсілдер күрделеніп, метафоралық, аллегориялық, гротескілік ойлау жүйесі дамыды. Жаңарған проза табиғаты ұлт ұғымына сәйкес өз оқырманына тосын құбылыстарды (антропологиялық, мистикалық, виртуальдылық) бейнелеу тұрғысынан ерекшеленеді. Абстрактілі ұғымдарды заттандыру, адам мен оның барлық ішкі сыртқы болмысын тұлғаландыру арқылы жаңа сипатты ой айтудың көркемдік әдістері прозада жаңаша қалыптасты.

Ежелден ел жадына сінген мұсылмандық қағида, әлеуметтік жағдай (ауыл, қала өмірі, ұлт тағдыры, т.б.), экологиялық апат тақырыптарын жаңаша суреттеудегі көркемдік амал-тәсілдер жаңарған, жаңғырған сипатта танылды. «Бұл жанр кеңестік дәуір тұсында тыйым салынған діни-философиялық, эротикалық, интимдік әңгімелермен толықты», – дейді ф.ғ.к., доцент Гүлжаһан Орда (Орда Г. «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік көкжиегі»//Ақиқат. 29.11. 2011 ж.). Сонымен бірге, жазушылар адам жанының ішкі иірімдеріне үңілуде психологиялық әңгімелер қатарын көбейтті. Ішкі күйзеліс, ішкі жан айқайы кейіпкер бойын билеп алғаны соншалық, олар көбіне ұйықтаса түсіне кірмейтін әрекеттерге барады. Ал, керісінше, кейбір әңгімелерде кейіпкердің ішкі еркіндігі терең талданады.

Махаббат – мәңгілік тақырып. Бірақ осы бір тақырыпқа әр жазушы өз стилімен келеді. Бірі оны идеал ретінде пайымдаса, екіншісі өмірдің өзінен мысалдар келтіре отыра дәлелдейді. Махаббатқандай жағдай болмасын өз болмысын сақтайды. «Намыс, адалдық басқа да ұғымдар оның алдында кішірейіп кетуі мүмкін. Кішірейгенде ол ұғымдар өз бағасын түсірмейді, керісінше, махаббатқа кешіріммен қарайтын сияқты» (Токсамбаева А. «М.Мағауин хикаяттарындағы ұлттық характер» Автореферат. Алматы: 2007ж. -54 б.). Тәуелсіздік жылдары да осы тақырып кеңінен, жан-жақты түрде жазылды. Тақырып бір, тағдырлары әр түрлі.

Тәуелсіздік жылдары қазақ әңгіме жанры ерекше дамығанын жоғарыда тілге тиек еткен болатынбыз. Бұған дейінгі кезеңде қалыптасқан тақырыптар өздігінен дамып отырды, сонымен қатар, еліміздің егемендік алуы қаламгерлерге жаңа, тың бағыттар әкеліп, бұл кезеңде, яғни тәуелсіздік кезеңінде жазатын тақырыптар ауқымы кеңейді.

Шағын жанр түрлік, формалық жағынан да жаңарып, жасара түскендей. Шығармалардың көпшілігінде оқиға қуалап, қызыл сөзділікке салынып кетпей, адамның ішкі жан-дүниесіне бойлап, ой-санасындағы өзгерістер мен құбылуларды аша түсуге деген құлшыныс байқалады. Әрине, жаңашылдық, түр, көркемдік әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсуге талпынушылық, жаңа өрістер іздеу, түрлі эксперименттер жасау, шығармашылық ізденістерге бару, дәстүрсіздікке ұрыну емес, қайта сол дәстүрді байыту болмақ.

Дәстүрлі эпикалық әдебиет өз шабысынан жаңылған жоқ. Ал әлемдік ауқымдағы соңғы мәдени-танымдық, эстетикалық қозғалыстарға үн қату, олармен ортақтасу тілегінен туындап, тебіндеген модернистік және постмодернистік поэтика заңдылықтары қазақ прозасында да өзіне тиісті өріс тауып, әдеби-көркемдік, интеллектуалдық даму игіліктері жаңа құндылықтармен жаңғыруы заңды (Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: Қағанат, 2002. 329 б.).

Шағын жанр түрлік, формалық жағынан да жаңарып, жасара түскендей. Шығармалардың көпшілігінде оқиға қуалап, қызыл сөзділікке салынып кетпей, адамның ішкі жан-дүниесіне бойлап, ой-санасындағы өзгерістер мен құбылуларды аша түсуге деген құлшыныс байқалады. Әрине, жаңашылдық, түр, көркемдік әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсуге талпынушылық, жаңа өрістер іздеу, түрлі эксперименттер жасау, шығармашылық ізденістерге бару, дәстүрсіздікке ұрыну емес, қайта сол дәстүрді байыту болмақ.

Дәстүрлі эпикалық әдебиет өз шабысынан жаңылған жоқ. Ал әлемдік ауқымдағы соңғы мәдени-танымдық, эстетикалық қозғалыстарға үн қату, олармен ортақтасу тілегінен туындап, тебіндеген модернистік және постмодернистік поэтика заңдылықтары қазақ прозасында да өзіне тиісті өріс тауып, әдеби-көркемдік, интеллектуалдық даму игіліктері жаңа құндылықтармен жаңғыруы заңды (Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: Қағанат, 2002. 329 б.).

М.Мағауиннің «Ұлт аралық жанжал» атты туындысының қаны қазақ, рухы қазақ сүйсініп оқитын шынайы әңгіме екендігі көркемдік қуатының кемелділігінен көрінеді. Шығармада сатиралық фон, емеурін, тұспал, символ, күлкі қатар өріліп отырады. Күлкі болғанда, гротеск, ирония мен ащы әжуа. Әңгімедегі Алматы маңындағы кішкентай Рахман ата ауылы – Қазақстан мемлекетінің моделі тәрізді. Шығарманың басында-ақ автор өзінің танымын айқындау үшін «жол» мотивін тандап алады. Автор «Анау Марат сияқты бұралқыны төрге шығарудың зардабын да көрсетеді, ұлтаралық келісім дегенді желеу етіп, ата жұрт иелерінің бөтендерге есесі кете беруінің қаупін де алға тартады автор. Тілді, елді, рухты қорлағысы келіп, менсінбеу, қазақтың кеңдігін ұдайы бас пайдаларына пайдалану, қазақтың қашан да ерен төзімділігі, балақтағы биттің басқа шығуы – бәрі сатиралық уытты тілмен әшкерелеген. Әңгімеде иронияқұралын ұтымды пайдаланған. «Ал, қазақ... Тәуелсіздік алдың, енді атаңның басы керек пе?! Ел иесі екенді қашан ұғасың?» Әңгіме соңы осылай аяқталады. Оқыған жанның ұлттық намысының оянуына түрткі болатын бұл риторикалық сауал саналы әрбір қазақ жүрегіне ой салады. Демек, ұлттық идея қазіргі прозамызда жанама сипатта көркемдік мән иеленеді. «Ұлттық идея біздің ортақ тағдырымыздан туындайды. Ол ащы болсын, тәтті

болсын-біздің бүгін де, ертең де өмір сүруіміздің бірден-бір шарты», – деп үйіндейді Ш.Елеуенов (Елеуенов Ш. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. «Ақиқат» 2004 ж. №1.44 б).

[34]. «Ұлт аралық жанжал» қазақ халқы тәуелсіздік алса да құлдық психологиядан құтыла алмай отырғандығын шынайылықпен бейнелеген әңгіме. Отарлау саясатымен қазақ жеріне басқа ұлт өкілдерінің көптеп қоныстанғандығын бүгіндері ғана айтып жүрміз. Әңгімеде ең жақсы қонақжайлық қасиеті өзіне сор болып жабысқан қазақтың өз елінде жүріп келімсектерге жалтақтап, солардан асып кете алмай, жетім баланың күйін кешіп жатуы ащы болса да ХХІ ғасыр шындығы. Қоғамдағы өзекті мәселелерді көтере білген жазушының аталған әңгімелерінің негізгі өзегі – тәуелсіз қазақ халқының жері мен еліне өзі ғана ие болуы.

Еліміз тәуелсіздік алғасын, өткенімізге көз жіберу мақсатында бұрын айтуға тыйым салынған, «жабық» тақырыптардың бірі – Желтоқсан көтерілісі.

Прозалық туындыларда жаңаша мән иеленіп отырған фольклорлық образдар жүйесі – қасқыр-тотемі, ағаш-дүние тірегі, су-өлім, т.б. қазіргі тәуелсіздік тұсындағы өмір шындығын танытудың тәсілі ретінде тексерілді.

«Тәуелсіздік жылдары» деп аталатын кезеңнен басталған жаңашыл пайымдаулар рухани түлеудің жаңа бір кезеңі болды да, қазақ әдебиетіне көркем ойлаудағы жаңа ұстанымдарды алып келді. М.Мағауиннің «Құмырсқа қырғын», «Коммунистік реализм», «Қасқыр – Бөрі», «Қисық ағаш» шығармалары әлеуметтік өмірдің ең бір өзекті мәселелерін, сыншылық-философия саралайды. Жазушыларымыз өз шығармаларындағы айтар ойын, суреткерлік көзқарасын тұспалдап, психологиялық тұрғыда жеткізуі немесе әлеуметтік символикаға ден қоюы – заңдылық. «Астарлап, ишарамен сөйлеу, сөзге сараңдық, үкім айтудан, соңғы ақиқатпен кездесуден қашу – постмодернистік рухтағы бүгінгі қазақ прозасына тән басты қасиеттердің бірі» (Мағауин М. Қазақсыз Қазақстан (ғылыми мақала)//АВАІ.KZ ақпараттық порталы 16-20. 09. 2013 ж.)

Қазақ прозасында символды қолданудағы шеберлікті М.Мағауиннің «Құмырсқа қырғын» атты әңгімелерінен көруге болады. «Құмырсқа қырғын» атты философиялық ойға құрылған әңгіме табиғат құдіретіне бас июді ғана емес, өмір үшін күрес, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы – жас ұрпақ пен ертеңіміздің кепілі – жер-анамызды қастерлеу туралы сыр десе де, болады. Автор-кейіпкер құмырсқа илеуін көркемдік деталь ретінде ала отырып, оны бірқауым елдің, тіпті мемлекеттің символдық (рәміздік) белгісіне айналдырады. М.Мағауиннің бұл әңгімесіндегі көзге түсетін, көңілге ұялайтын ерекше жәйттар – символикалық пен философиялық сипаттардың берік жымдасып, табиғи кіріге түсуі. «Құмырсқа қырғынындағы» өзгешеліктің бір ұшығы осында. Қаламгер бұл шығармасында тырнақ ұшындай көзге көрінер-көрінбес құмырсқалар тіршілігін адамдар өмірімен қатарластыра алады. «Жекелеген құмырсқалар ішке кіріп, тары дәнінен сәл ғана үлкен, сопақша жұмыртқаларды тістеп алып шыға бастады. Мұндағы ең үлкен олжа – болашақ ұрпақ өндімек панасыз жұмыртқалар. Өз илеуіне апарады. Шайқап шығарады. Содан соң... ата-тегін білмейтін жетімдерді түгел жұмыскер – мұндағы билеуші жұртқа тегін азық-түлік жинайтын құл-құтан немесе басқа бір, жат әулетпен соғысқа, тіпті, кешегі өз нәсіліне қарсы майданда алға салатын жанкешті жауынгер етіп шығарады. О, құдірет! Тура өзіміздің мәңгірттер!» (Жұртбай Т. Қос Ағаш // Орталық Қазақстан. – 2008. – 26 қараша, № 48, 7 б.) – деп, терең философиялық тұжырымның да мөнін ашады. Дүниедегі ең кішкентай жәндіктер тіршілігіндегі әділетсіздік, теңсіздік арқылы адам баласына ой салу, мәңгірттік сананың тамыр-тегін ұқтырудағы авторлық қолтаңба барлығы да бүгінгі прозаның ерекше бітімі ретінде зерделенді. Қазақ халқының ғасырлар бойғы жаратқан ең аяулы қасиеті – өзара ауызбіршілік пен өзін-өзі құрметтеу, жатқа берілмеу, ұрпақ болашағын ойлау мұраты тұспалданғандығы талданды.

Ұлт әдебиетіне ортақ жаңа сапалар, өлшемдердің елеулісінің бірі – қазіргі қазақ прозасының символикалық сипаты. Біздің басты назар аударатынымыз да бұрыннан бар тәсілдің қазіргі заманғы жаңа болмысты прозадағы өзгеше жаңғыруы мен түрленуі болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, М. Мағауиннің тағы бір алып отырған символикасы – Қасқыр – Бөрі.

«Қасқыр – Бөрі» атты шағын әңгімесі өзінің құрылымдық жағымен ерекшеленеді. Шағын әңгіменің «Қазақтың қасқыры – қасқыр емес, шене, құрт кезінде, яғни бағзы заманда әлемдегі ең айбарлы аң болған» дейтін бастауынан бастап бабамыздың байрағына түсіп, жүрек пен рухтың, қайтпас ерліктің ұранына айналған боз құрт, шене туралы толғанысы назар аудартады. Бөрінің орнына қасқыр келді, бірақ шын мәнісінде екеуі – бір-ақ аң: бөрі деген – қасқыр, қасқыр деген – бөрі. Сырттай қарағанда, атау ғана ауысқан тәрізді болып көрінеді. Ал, шын мәнісінде... бөрі өзгерді. Кейінгі қасқыр бұрынғы бөрідей бола алмады. Абыройсыз істің бөрі қасқырға телінді. Баяғы құрт пен шенеден, кешегі бөріден қалған бақ, көшкен рух қасқырға қонбапты. Бұрын батырды бөріге теңесе, енді қадыр-қасиеттен ада зұлым адамды қасқырға теңейтін болыпты. Дегенмен, қасқыр мен бөрі – атауы бір, тұп негізі ортақ, бір -ақ мақлұқ емес пе? Қасқыр қанша азса да, оның бөрі атауының ескірмеу себебі неде, қасқырға қашан, қалай айналғаны туралы ой толғайды. «Ал мен жүрген сияқтымын. Бөрінің қасқырға емес. Қасқыр атанған бөрінің қайтадан әуелгі – бөрі кейпін тапқанын» (Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: Қағанат, 2002. 330 б) – деп әңгіменің ішіндегі әңгімені бастайды. Ырсиған, арық, қу сүйек қасқырдың жалаңаш денесі мен иленген теріні бір-біріне антитеза пішінінде қарама-қарсы алады. Ырсиған қасқырдың жалаңаш денесі қандай аянышты болса, жаны жоқ, тіпті ішкі мүрдесі де жоқ иленген тері сондай. Мұхтар Мағауиннің «Қасқыр – Бөрі» атты әңгімесі қазіргі қазақ әңгімесіне құрылымдық, түрлік өзгешелік әкелген соны туынды болып табылады. Сондықтан бұл әңгімені – аманат әңгіме деп пайымдауға толық негіз бар.

М.Мағауиннің «Қисық ағаш» повесі «...Міне қызық. Оң қанат – аллеяның парк жақ беті – биік, сымбатты қарағай. Самсай тізіліп тұр. Сол қанат – Держинский көшесіне қараған беті – қиқы-жикы, қисық-қыңыр қара ағаш» (Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: Қағанат, 2002. 247 б) – деп авторлық пайымын осы бір көшенің екі жақ бетінде өскен ағаштардың екі бөлектігін суреттеу арқылы, бір елдің басынан өткерген екі түрлі бір-біріне керісінші екі өмірін алып көрсеткендей. Бірі қазіргі түзу жолдың бойындағы сымдай тартыла самсаған қарағай тәрізді тәуелсіздік алып, еңсесі биіктей түскен елдің рәмізін білдірсе, екіншісіне өкінішті өткені бұлыңғыр елеске айналса да, көлеңке құсап арыла алмай келе жатқан кеңестік солақай саясат ізіне қиқы-жикы, қисық-қыңыр қара ағашты алып отыр. Жазушының қарағай мен қисық өскен қарағашты біріне-бірі қарама қарсы алуының да өзіндік мәні бар. Қисық өскен қара ағаш – оңынан емес, қисық қыңыр келген заманды бір кезең сипатындай. Бұл повестегі жағдай. Ал, автор «Қос ағаш» әңгімесі мүлде басқа ойды қозғайды. Ұлттық, ұлттық рух тұрғысынан киелі ағаш культін ұсынады. Автор кейіпкерінің Қосағашты көрген кездегі алған әсерімен суреттейді. Суреткер осы бала көзімен берілген Қос Ағаштың портретінің әсем көрінісін грация әдісімен бейнелейді. Қаламгер бала көңілімен, бала қабылдауымен танылған алтын мен күміске малынған Қос Ағаш бейнесі – қазақтың құт-берекесінің символын берген тәрізді. Ары қарай жазушы осы бала танымындағы Қос Ағаш бейнесінің жомарттығы мен паңдығын, бірегей қасиетті Қос Ағаштың енді құлдырау үрдісі де грациямен беріледі. Әулім бәйтерек өткен мен бүгінді және ертеңді жалғастырып тұрған көркемдік образ түрінде де алынған. Жазушы әңгіменің сюжеттік құрылымын шиеленістіру арқылы ауыл маңындағы алдыңнан асқар таудай менмұңдалап тұратын Қос Ағаштың жоқтығы кейіпкеріне қаншалықты ауыр тигендігін психологиялық талдау жасай отырып суреттеген. Шегініс жасау арқылы әңгіменің ішіндегі әңгіме шертіліп, Қос Ағаштың жоқ болу себебі кейіпкер ойымен қорытылып, түйінделіп отырады. Асқар таудай детальқылып алған Қос Ағаш ақыры ұсақталған, азып-тозған ұрпақтың символына айналған. Көбіне қаламгерлер ұсақ нәрсені деталь ретінде алады да, оны үлкен, кең мағыналы символға айналдырады. Ал, мына шығармада бір кездегі бүкіл мұсылманның, қазақ түгілі, қалмақ сыйынған биіктіктің, алыптықтың, асқақтықтың символы, белгісі болған Қос Ағаш ұсақталып, қарапайым отынға қажетті ағаштың қатарына енген. Бұл да болса автор шеберлігінің бір қыры дер едік.

Суреткердің бұл туындысын – М. Мағауиннің қазақылықты жоқтауы дер едік. Бұл туынды турасында Т. Жұртбай: «Қос Ағашта» бүкіл дала философиясының тамырының үзілуі мен қазақтың тағдыры тұспалданған», – деп тұжырымдайды» (Жұртбай Т. Қос Ағаш // Орталық Қазақстан. – 2008. – 26 қараша, № 48).

«Образ сомдауда да, характер ашуда да үрлі көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жаңа бейне жасауда жазушылар біршама жетістіктерге жеткен. Мұхтар Мағауиннің, Қабдеш Жұмаділовтің, Бексұлтан Нұржекеевтің, Шерхан Мұртазаның шығармаларынан бүгінгі күн адамдарының бейнесін ғана емес, қазіргі өмірдің бүкіл болмысын, тыныс-тіршілігін кескін-келбетін толық танып, таразылауға болады. Рухани тереңдігімен қазақ әдебиетінің тағы бір сатыға жоғарылауына септіктерін тигізген жоғарыда аты аталған жазушылар шоғырының шығармашылығын танып білу барысында оның астарында көптеген ізденіс, талап пен талғам, жігер жатқанын аңғарамыз. Тәуелсіздік кезіндегі ел жағдайына үніле отырып, жазушылар идеясының өміршендігіне, дұрыстығына, дәлдігіне көз жеткізе аламыз» (Ержанова Г. Қазіргі қазақ әңгімесі. Ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. Алматы, 1999.-125 б.).

Филология ғылымдарының докторы Смағұлова Нұргүл Қайырбекқызының пікіріне сүйенсек «Әдебиеттану ғылымында тартыс эстетикалық категория ретінде өз орнын алып отыр. Себебі, көркем тартыс проблемасы құлашы кең, өрісі үлкен мәселе. Ол суреткердің талант даралығы мен өмір шындығын көркемдік тұрғыдан тану қыры бола тұра, мән-маңызы жағынан идеялық-философиялық міндеттерді де қамтиды» (Смағұлова Н. Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2006. – 24 б.). Өмірдің өзі күрес деп түсінсек, көркем шығармадағы тартыс мәселесі қашан да болмасын сарқылмайтын қазына болып қала бермек.

Тәуелсіздік жылдарындағы әңгіме жанрының да ең басты көркемдік құндылығы осы тартыс сипатымен тығыз байланысты. Ажырамас бртұтас дүние. Көркем тартыс мәселесі көбіне көп сюжет пен характерге байланысты қарастырылады. Тартыс – сюжеттің жаны, оның қозғаушы күші, сюжетте баяндалатын қиғаның да, характер тағдырының шешімі де осы тартысқа, оның сипатына тікелей қатысты екендігі зерттеу еңбектерде айтылып жүр. Тәуелсіздік жылдарындағы әңгіме жанрында әдеби тартыс мәселесі бұған дейінгі кезеңдерге қарағанда күрделенді және дараланды. «Жазушылар адам іс-әрекетінің қозғаушы күшіне оның рухының өздігінен ашылуына көңіл бөле бастағаны байқалады». Характерді әр қилы сыннан өткізу, алдына таңдау қою, пікірталасқа түсіру, өзіне-өзі есеп беру сияқты әдіс-амалдардың қолданылуы осы кезең прозасына, оның ішінде әңгіме саласына етене тән екенін атап өткен жөн» (Балтабаева Г. С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әңгімесінің көркемдік көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы №2, 2009).

3. Қорытынды.

Тәуелсіздік тұсындағы шығармалар тек тақырыптық, образдық тұрғыдан ғана емес, көркемдік ерекшелік, поэтикалық стиль тұрғысынан да жаңарып, түлегені байқалады. Жаңа тақырып пен өмір құбылыстарын бейнелеудегі тілдік айшықтар (орнаментальді) арқылы да қаламгерлердің даралық қолтаңбасы айқындалады. Адам және оның өмір сүріп, тіршілік етер ортасындағы заттық әлем арасындағы қарым-қатынасты суреттеу көркем әдебиетте үзіліп қалған үрдіс болатын. Бұл кемшілік, әсіресе, ұлттық әдебиеттерде туған жер, өскен орта, ұлттық ерекшеліктерін тануды тұмшалау салдарынан орын алды. Біз осы олқылықты жоюға тырысқан қазіргі қазақ прозасындағы «үй мотивінің» көркемдік мәнін қарастыруға талаптандық. Нәтижесінде бұл мотивтің өзі түрлі сипатта: «киелі орын, адам баласының жалпы мекені» дейтін оң бағытпен қатар, гротескілік, аллегориялық, сатиралық фон ретінде де алына-тындығы мәлім болды. Қазақтың жаңа прозасындағы жиі кездесетін жалғыздық, айқай, айна сарынының қолданысына, тақырыптық ерекшеліктеріне талдау жасау арқылы философиялық және психологиялық ой-түйіндер мен дәстүр жалғастығы жөнінде ой қорытындылары жасалды. Сонымен қатар, тәуелсіздік кезеңіндегі әңгімелеріндегі «өлім» концептісінің көркем суреттелу ерекшелігіне назар аударылды.

Қорыта келгенде, тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы жаңа көркемдік белеске көтеріліп, өзгеше өрнек қалыптастыру жолына түсті деп ой түйіндеуге болады.

Әдебиет тізімі

Балтабаева Г. С. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әңгімесінің көркемдік көрінісі // ҚазҰУ Хабаршысы №2, 2009.

Жұртбай Т. Қос Ағаш // Орталық Қазақстан. – 2008. – 26 қараша, № 48.

Зайкенова З. Зарлы шындық жаршысы//«Жұлдыз» журналы. 1987 ж, №11.

Елеуенов Ш. Қазақ әдебиеті тарихының кезеңдері. «Ақиқат» 2004 ж. №1. – 44 б.

Ержанова Г. Қазіргі қазақ әңгімесі. Ф.ғ.к. дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. Алматы, 1999. – 125 б.

Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы. 7-том. Алматы: Қағанат, 2002. – 454 б.

Смағұлова Н. Қ. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тартыс табиғаты. Ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияның авторефераты. – Астана, 2006. – 24 б.

Орда Г. «Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әңгімелерінің көркемдік көкжиегі»//Ақиқат. 29.11. 2011 ж.

Токсамбаева А. «М. Мағауин хикаяттарындағы ұлттық характер» Автореферат. Алматы: 2007 ж. – 54 б.

Мағауин М. Қазақсыз Қазақстан (ғылыми мақала)//ABAI.KZ ақпараттық порталы 16-20. 09. 2013 ж.

УДК 7.5527

БІЛІМ БЕРУ ОРДАЛАРЫНДАҒЫ ДОМБЫРА АСПАБЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Амирхамзин Н.К.,
педагогика ғылымдарының
магистрі «Өнер» кафедрасының
оқытушы, ҚМПИ, Қостанай,
Қазақстан*

Аннотация

Бұл мақалада, музыкалық білім берудің міндеттері мен тәрбиелік мәні көрсетілген. Соның ішінде, еліміздің мәдени мұрасында ойып орын алған домбыра аспабының мәртебесі көтеріліп, оның білім алушылардың музыкалық-эстетикалық тәрбиесіне қосар үлесі жайлы талқыланған. Домбыра аспабының жастарға берер қадір-қасиеті қарастырылған.

Аннотация

В статье рассмотрены обязанности и воспитание музыкального образования. Особое место инструмента - домбры как культурного наследия играет особую роль музыкально-эстетического воспитания у учащихся. Домбра как инструмент воспитывает молодежь.

Abstract

The article describes the responsibilities and education of music education. A special place instrument dombra as cultural heritage plays a special role musical-aesthetic education students. Dombra as a tool educates youth.

Түйінді сөздер: *музыка, музыкалық эстетикалық тәрбие, музыкалық-эстетикалық талғам, домбыра, ән-күй, рухани байлық.*

Ключевые слова: *музыка, музыкальное эстетическое воспитание, музыкально-эстетический вкус, домбра, мелодия, духовное богатство.*

Keywords: *music, musical aesthetic education, musical and aesthetic taste, piano, melody, spiritual wealth.*

«...Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю - бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні - осы!...» (Назарбаев, 2014). Тарихымыздан ойып орын алатын музыка өнерінің бабаларымыздың саф алтындай сақталған асыл мұраларының бірі деп бағалай білуіміз керек.

Музыка өнері әрбір тұлғаның дамып, қалыптасуында аса маңызды роль атқаратыны сөзсіз. Музыка адам санасына, үйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылатын дыбыстар арқылы бейнеленеді. Ал ол дыбыстар – түрлі биіктік пен күштіліктегі жай дыбыстар емес, адам сезімін бейнелеуші, реттеуші сұлулық заңына сәйкестенген әсерлі әуен өрнектері (Балтабаев, 1994). Қазіргі таңда музыкалық білім берудің бірнеше міндеттері қарастырылуда:

1. Білім алушылардың музыкалық -эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде дамыту. Осыны негізге ала отырып қоғамдық өмір мен айналаны терең таныту және олардың адам -гершілік бейнесін қалыптастыру. Олардың зейінін өмірдегі, табиғаттағы, еңбектегі, адамдардың тәртібі мен іс-әрекетіндегі, тал бойындағы әсемдікті көре білуге аудару, өмірдегі шын әдемілікті жасанды әдеміліктен ажырата білуге, оны дұрыс бағалауға үйрету.

2. Білім алушылардың музыкалық-эстетикалық түсінігімен құштарлығын, сезімталдық

қабілетін дамыту. Эстетикалық жан құбылысын тудыратын қуану, қайғыру, қобалжу, әсерлену, бейжай болу, өркемдікті қабылдауда шығармада бейнеленген кейіпкердің қуанышы мен ренішіне, табысына бірге қуанып, бірге қайғырып әсерленуін, көңіл -күйінің толқуын дамыту.

3. Білім алушылардың көркемдік талғамын тәрбиелеу. Оларды жақсы мен жаманды, сұлулық пен кейіпсіздікті, нәзіктік пен дөрекілікті, бір түстілік пен ала-құлалықты ажырата білуге, өлең, ән, музыка, бейнелеу өнері шығармаларының не себептен ұнамайтынын аңғара білуге үйрету.

Музыкалық-эстетикалық талғам-өте кең түсінік. Ол өнер шығармаларын түсініп, нәр алу ғана емес, сонымен қатар табиғаттың, өмірдің, еңбектің, тұрмыстың, киімнің әсемдігін түсіну және бағалай білу.

4. Білім алушылардың күшіне сай өзін өнерде көрсете білу қабілетін, айналаға қажетті әдемілік жасауға талпынысын тәрбиелеу, көркемдік-шығармашылық қабілетін дамыту.

5. Музыкалық-эстетикалық тәрбиенің тағы бір мәнді міндеті жас ұрпақты жас ерекшелігіне қарамай, өмірдегі, табиғаттағы әсемдікті қорғауға, бағалауға, сақтауға, молайтуға үйрету. Табиғаттағы әсемдікті өнердегі көрсеткіштер – ескерткіштер мен сәулет өнері туындыларын көзінің қарашағындай етіп аялауға баулу. Бұл адам еңбегін бағалауға, Отан, табиғат байлығын ұқыпты қарауға үйрету.

